

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
28.09.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 28.09.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Келесі мәселе «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссиясының және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Дүйсенова Тамара Босымбекқызына беріледі.

**ДҮЙСЕНОВА Т.Б.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Назарларыңызға ұсынылып отырған заң жобасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссиясының және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялауды көздейді.

Ресей Федерациясының заңына сәйкес мемлекеттік органдарда қызмет ететін азаматтарға зейнеткерлікке шығу үшін қажетті еңбек өтілі 2021 – 2026 жылдар арасында 17,5 жылдан 20 жылға дейін көтеру қарастырылған. Ал бұрын осы органдарда жұмыс істеген қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық комиссияда және Еуразиялық экономикалық одақ сотында істеп жүрген лауазымды адамдардың зейнетақысын алу құқығын анықтау кезінде мұнда жұмыс істеген кезеңдері есептелмейді. Сондықтан Ресей тарапы Одақ туралы шарттағы 32-қосымшаның 53-тармағын Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныс жасады. Аталған мәселе Ресей заңнамасының нормалары бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін Ресей Федерациясының азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз етуге ғана қатысты екенін айта кеткім келеді.

Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылатынын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы

шарттың нысанасы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатынын ескере отырып, хаттама ратификациялауға жатады.

Жобаны іске асыру Қазақстан Республикасының бюджетінен қаражатты талап етпейді, өйткені енгізілетін өзгерістер Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қозғамайды.

Қазіргі уақытта хаттама Армения Республикасында ратификацияланған, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы жақын арада қарауды аяқтайды.

Қолдауларыңызды өтінемін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызы.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта «Комиссия алқасы мүшелерінің, одақ соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің зейнетақымен қамтамасыз етілуі олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады» деп белгіленген.

Мынаны айтыңызшы, егер шартта өз азаматтарына қатысты ұлттық заңнаманы қолдану белгіленген болса, онда қосымша өзгерістер енгізу қажеттілігі неден туындады?

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа жоғарыда айтып кеттім, 2021 – 2026 жылдар аралығында Ресейдің зейнеткерлікке шығу заңнамасына өзгерістер енгізіліп жатыр. Сол өзгерістерге сәйкес 2021 жылы мемлекеттік қызметте жұмыс істеп жүрген азаматтардың, сотта істеп жүрген азаматтардың орташа еңбек сіңірген өтілі 17,5 жыл болатын. Енді соның көлемі 20 жылдық еңбек өтіліне дейін өсіп жатыр. Сондықтан да қазір, мысалы, 16 жылдық еңбек өтілі бар азаматтар екі жыл немесе үш жыл Еуразиялық одақтың сотында немесе Еуразиялық комиссияда жұмыс істеп жатқан болса, осы жылдардағы еңбек өтілі бұрынғы еңбек өтіліне қосылмастан зейнеткерлік құқығын ала алмай жатыр. Сондықтан қазір Ресей тарапы осы жердегі Еуразиялық экономикалық комиссияда жұмыс істеп жүрген уақытын алдыңғы өтіліне қосу мәселесін қойып отыр. Сондықтан Ресей заңнамасына бұл тура келгендіктен Ресей азаматтарының зейнеткерлік құқығына байланысты болғандықтан біз өзіміздің келісімімізді беріп отырмыз.

ТӨРАҒА. Депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлы.

ҚАРАТАЕВ Ф.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Тамара Қасымқызы! Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ органдарының қызметкерлері мен лауазымды адамдары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың комиссиясы мен сотының қызметкерлері мен лауазымды адамдары болып табылатын біздің

азаматтарымыз үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы аударымдары қалай жүзеге асырылады? Осы мәселені түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Жаңа айтылып кеткендей, әрбір мемлекеттің ұлттық зейнетақы заңдары Еуразиялық экономикалық комиссияда, Еуразиялық экономикалық одақта қызмет етіп жүрген азаматтарды толық қанағаттандырады. Сонда жұмыс істеп жүрген біздің азаматтар үш түрлі зейнетақыға құқығы бар, біріншіден, базалық зейнетақыға, екіншіден, егер 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек өтілі болатын болса, ынтымақты зейнетақы жүйесінен зейнетақы алады және бүгінгі алып жүрген еңбекақысынан біздің азаматтар сияқты 10 пайызды Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді. Зейнеткерлік жасқа жеткен кезде сол үш көзден зейнетақысын алатын болады. Сондықтан бүгінгі қолданыстағы заң ол кісілерге де қаралған.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Тамара Босымбекқызы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызына беріледі.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына 2022 жылғы 5 қыркүйекте енгізілді және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізетін хаттаманы ратификациялауға бағытталған.

Өзгерістер Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясы мен сотының лауазымды адамдарын және қызметкерлерін Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау құқығымен қамтамасыз етуге бағытталған.

Хаттамаға 2022 жылғы 24 наурызда Мәскеу қаласында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары қол қойды.

Хаттама «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 5) тармақшасына және 27-бабына сәйкес ратификациялауға жатады.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жұмыс тобының бір отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді. Заң жобасына ұсыныстар мен ескертулер келіп түскен жоқ.

Баяндалғандарды ескере отырып, «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссиясының және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы



Заңының жобасын мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Нұғманова Гауһар Көкенқызына беріледі.

НҰҒМАНОВА Г.К. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Жұмыс істейтін адамды зейнетақымен қамсыздандыру оның қайда және кім болып жұмыс істейтініне қарамастан, оның болашақтағы әл-ауқаты үшін сенімді негіз қалыптастырады. Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттерде жұмыс істейтін адамдар үшін зейнетақымен қамсыздандыру Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген.

Бүгін қаралып отырған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Еуразиялық экономикалық комиссиясының және одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерін реттейді.

Қазақстан Республикасы 2020 жылғы желтоқсанда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді ратификациялағанын атап өткім келеді. Осы келісіммен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыратын еңбек көшіп-қонушыларын зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтар реттелді.

Осыған байланысты қаралып отырған хаттаманы ратификациялау үшін ешқандай кедергі жоқ деп есептеймін.

Мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестеріме де оны қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 96, «жақтағандар» – 96. Қаулы қабылданды.



*Дүрөң, құжаттамамен қамтамасыз ету  
Білімнің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Майынтаев.*